

## ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМА БОЙЫНША БАС БОСТАНДЫҒЫНАН ЗАҢСЫЗ АЙЫРУ ҚЫЛМЫСЫНЫҢ ТҮСІНГІ

*Жумашева А.Т. қылмыстық құқық және криминология кафедрасының аға оқытушысы  
Абылева А.Б. заң факультетінің 3 курс студенті*

Қазіргі қазақстандық қоғамда бас бостандығынан заңсыз айырудың қоғамдық қауіптілігі өте жоғары. Ол, бас бостандығынан заңсыз айырудың адамның жеке бостандығына қол сұғатын, зорлық қылмысы болып табылатындығымен анықталады. Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің сайтының статистикалық мәліметтеріне сәйкес қарастырылып отырған қылмыстың қарқындылығы байқалады.

Кез-келген елдің қылмыстық құқығы өз ерекшеліктеріне ие. Көшпелі қазақ қоғамының жағдайында құқықты жасаудың бірден бір тәсілі ретінде әдет-ғұрып саналған.

1917 жылға дейін Қазақстан аумағында қазақтардың әдет-ғұрыптық қылмыстық құқық нормалары, шариат-мұсылмандық құқығы және жалпы империялық қылмыстық заңдар, соның ішінде 1885 жылғы жазалар туралы Ережелер әрекет еткен. Қазіргі таңда Қазақстанда өзіндік дербес заңдар - 2014 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі мен Қылмыстық-процестік Кодексі әрекет етеді.

Қазақстанның Ресей империясына кіруіне байланысты, біз Ресей заңнамасының біздің еліміздің құқықтық өмірінің дамуына әсер ету фактісін мойындаймыз. Қылмыстық-құқықтық институттардың бірігуімен қатар жаңа институттар мен жаңа құқықтық ұғымдар пайда бола бастады. Ұлттық заңнаманың ұқсамаушылығы ұлттық дәстүрдегі, экономиканың даму деңгейіндегі және идеологиялық мәселелерге көзқарастардағы айырмашылықтардан, сонымен қатар қалыптасқан ұлттық құқықтық мектептер мен өзекті ғылыми бағыттардың әсер етуінен туындайды.

Сондықтан да, адамды заңсыз бас бостандығынан айырғандығы үшін қылмыстық жауаптылық жөніндегі қазақстандық заңнаманың қалыптасуы туралы мәселені қарастырған кезде біздің ойымызша, ұлттық және ресейлік қылмыстық құқығының өзара байланыстылығының мәселелерін қарастыру орынды болар еді. Қазақстанның Ресеймен ұзақ уақыт бойы бірыңғай құқықтық кеңістікте болуына байланысты, адамды бостандығынан заңсыз айырғандығы үшін қылмыстық жауаптылықты қарастыратын ресейлік заңнаманың қалыптасуы туралы мәселеге тоқталудың қажеттілігі туындайды.

1917 жылға дейінгі Қазақстан аумағында әрекет еткен әдет-ғұрыптық қылмыстық құқық нормаларында, адамды бостандығынан заңсыз айыруды қылмыстық әрекет деп тану туралы айтылмағандығын атап өткен жөн.

Тұлғаның жеке бас бостандығына қол сұғушылық қылмыстарының анықтамаларына қатысты 1917 жылға дейінгі ресейлік заңнама қызығушылық тудыруда. Бұл жерде 1885 жылғы редакциясындағы жазалар туралы Ережелер жөнінде сөз болып отыр. Өйткені, 1903 жылғы Ережелер сол күйі күшіне енген жоқ.

Жалпы жеке бас бостандығын шектейтін қылмыстарға:

- 1) Мәжбүрлеу;
- 2) Шын мәнінде бостандығын шектеу (қамау және ұстау);
- 3) Адам ұрлау;
- 4) Қорқыту;
- 5) Басқа адамның тұрғын үйіне қол сұғушылық (отбасы тыныштығын бұзуы) [2].

Осыған орай аталған құқық бұзушылықтардың бөлігі ұсақ қылмыстық қол сұғушылықтардың жалпы ұғымы болып табылады.

Мысалы, заң бойынша адам ұрлауды келесі топтарға бөлді:

- 1) құлдыққа сату (Ереженің 1410 бабы);
- 2) негрлерді сатуға қатысу (1411 бап);
- 3) нәрестелер мен балаларды ұрлау (1407 және 1408 баптар);
- 4) адасқан балаларды ұстау (1409 бап);
- 5) әйел ұрлау (1529, 1530, 1549, 1580, 1581, 1582 баптар)[2,149].

Анағұрлым маңызды болып табылатын қылмыс түрлері де кездеседі, олар «қорқыту» деген жалпы атпен танылады: ол ретінде сараланған қорқыту (1545-1547 б.б) және аралық соттармен бекітілетін жазалар туралы Жарғының 139-141-баптарында (бұл жерде 1885 жылғы редакциясындағы аралық соттармен тағайындалатын жазалар туралы Жарғы жөнінде сөз болып отыр) көзделген жай қорқыту танылады.

Бірақ, біздің зерттеуіміз тарапынан анағұрлым маңызды болып жеке бас бостандығына қарсы қылмыстарға өзгенің тұрғын үйіне қол сұғылмаушылықты бұзуды жатқызу фактісі болып саналады. Жазалар туралы ережелерде осындай қылмыстық әрекетті жазалаушы баптар (ондай бап 1857 жылғы жазалар туралы Ережеде болды, ол бап өзгенің тұрғын жайына баса көктеп кіргендігі үшін жауаптылықты қарастырған болатын), болған жоқ, бірақ, бұл қылмыстағы кінәлілер, аралық соттармен тағайындалатын жазалар туралы Жарғының 142 бабына сәйкес жауаптылыққа тартылды.

Ең алдымен мұндай қылмыс түрінің маңызды бөлігі тек қана арнайы бөлім шеңберінен тыс орналаспаған, ол сонымен қатар басқа да нормативті қайнар көздерде кездесетіндігін; екіншіден, осы қылмыс тобында қазіргі уақытта адамның жеке бас бостандығына қарсы қылмыстарға (отбасылық тыныштықты бұзу) жатқызу қиынға соғатын әрекеттер бірден көзге түсетіндігін айта кеткен жөн. Мұндай ереже жеке бостандық деп аталатын терминнің қалыптасуымен түсіндірілді. Жеке бостандық бір жерден екінші бір жерге қозғалу бостандығына құқығы және әрекет және әрекетсіздікке өзіндік анықтаушылық құқығы. Соңғы тұжырым қорқыту мен мәжбүрлеудің құрамдарын жеке бас бостандығына қарсы қылмыстардың қатарына енгізуге негіз болып табылады. Тұрғын үйге қол сұғылмаушылықты бұзуда көрінетін әрекет, ол тұрғын үйге қол сұғылмаушылықты шын мәніндегі бостандыққа қол сұғылмаушылыққа теңестіруге байланысты, жеке бостандыққа қарсы жасалған қол сұғылушылық ретінде танылады[3].

Кеңестік кезеңдегі қылмыстық заңнаманың, Ресей империясының заңнамасынан елеулі айырмашылығы бар. Бірақ, мемлекеттік, діни, сауда және басқа да тұлғаға қол сұғушылық, соның ішінде жеке бас бостандығына қарсы қылмыстармен салыстырғанда анағұрлым аз мөлшерде өзгеріске ұшырады.

РКФСР-ның алғашқы қылмыстық кодекстері оларды тәжірибеде қолдануға қиындық туғызатын Ерекше бөлімнің құрылымының артықшылығымен, қылмыстың белгілі құрамдарының берілуінің анықтылығы мен нақтылығымен ерекшеленген жоқ.

1992 жылғы РКФСР ҚК-де жеке бас бостандығына тікелей қол сұғатын қылмыстың үш құрамы болды: 159, 160, 161-баптар. Осыған орай 160-бап 159-баптың саралаушы құрамы болып табылып, бостандығынан айырылған адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті тәсіл арқылы бостандықты шектегендігі үшін жазалады.

1926 жылғы РКФСР-дің қылмыстық кодексінің 147-бабында қарастырылған «біреуді бас бостандығынан заңсыз күштеп айыру» мәселесі 1959 жылы Қазақ КСР ҚК-нің 115-бабында қарастырылып отырған қылмыстың жай және сараланған құрамымен толықтай сай келеді.

Оның 1-бөлігінде жай құрам қарастырылған: «біреуді бас бостандығынан заңсыз күштеп айыру», ал, 2-бөлігінде қылмыстың сараланған құрамы қарастырылады: «бас бостандығынан айырғанда жәбірленушінің өміріне, денсаулығына қауіпті немесе оның жанын қинап азап шектіретін тәсіл қолданылса». Ресейдің де заң шығарушылары да осылай әрекет етті. 1960 жылғы РКФСР ҚК-нің 126-бабында қылмыстың жай және сараланған құрамы да осы тұрғыда қарастырылды.

Әрекет кінәлінің жәбірленушіні еркін жүріп тұру бостандығынан заңсыз айырғанда, сондай-ақ, оның өз қалауы бойынша орнын ауыстыру мүмкіндігінен айырғанда жүзеге асырылады.

Н.А. Беляев пен М.Д. Шаргородскийдің редакциясындағы Кеңестік қылмыстық құқықтың курсында көзделгендей, жаза тағайындалатын бостандықтан айыру әрекеті: 1) заңсыз болуы керек, оған қылмыскерді қылмыс жасау кезінде ұстау, өзін-өзі өлтіруге қастандық жасаған адамды оңашалау, эпидемиялық ауру түрінде карантин жариялау және т.б. жатпайды; жалпы аса қажеттілік пен қажетті қорғану бостандықты шектеудің жазаланатындығын болғызбайды; 2) шын мәнінде немесе психикалық күш көрсету арқылы жәбірленушінің еркіне қарсы әрекеттің болуы[4].

Адамды бостандығынан оны ұрлаумен байланыссыз бас бостандығынан айыру Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 126-бабына сәйкес қылмыстық жазаға тартылатын әрекет болып табылады. Бірақ, аталған қылмыстық-құқықтық нормада да, Қазақстанның қылмыстық заңнамасында да жалпы адам ұрлаудың анықтамасы кездеспейді. Адам ұрлаудың белгілі бір нормативті ұғымының болмауы құқық қолданушыдан әр кезде қандай да бір әрекет адамды заңсыз бас бостандығынан айыру немесе ұрлау болып табылатындығын дербес бекітуді талап етеді.

Кез-келген құқыққа қайшы әрекеттің нормативтік анықтамасының қажеттілігі ерекше аргументацияны талап етпейді. Тек ең маңызды деген жағдайларына тоқталып кетелік.

Біріншіден, құқыққа қайшы әрекет түсінігі - бұл осы әрекеттің объективті жағының мәні болып табылады; екіншіден, құқыққа қайшы әрекеттің мәнінің нормативті-құқықтық анықтамасы тек құқық қолданушыларға ғана емес, сондай-ақ, басқа да азаматтарға да өз әрекеттерін дұрыс бағалауға мүмкіндік береді; үшіншіден, нақты құқыққа қайшы әрекеттің нормативтік-анықтамалық түсінігінің болуы саралау барысында құрамы жағынан ұқсас қылмыстардан ажырату кезінде, нақты құқықтық

бағдар береді. Қылмыстық заңнамада адам ұрлау мен адамды заңсыз бас бостандығынан айырудың түсінігінің болмауы, ең алдымен құқық қолданушыдан қылмыстық заңнамада бар ұқсас анықтамалық сипаттамаларды қолдануды талап етеді.

Ұрлау - яғни, жасырын түрде алып кету, ұрлау. Сәйкесінше, адам ұрлау - бұл адамды жасырын түрде алып кету, ұрлауды білдіреді. Жасырын түрде - басқаларға көрсетпей жасырын түрде алып кету.

Маңызды нақтылауды өткен ғасырда И.В Платонов жасаған. Оның пікірі бойынша жылжымайтын мүлікті ұрлап алып кетуге болмайды, өйткені ұрлап алып кету деген қозғалатын мүлікті иелену деген мағынаны білдіреді.

Жылжымайтын мүлікке қатысты қылмыс құжаттарды өзгерту жолымен немесе өзге адамның иелігіндегі аумаққа баса көктеп кіру жолымен ғана мүмкін [5].

Сондықтан да, ұрлау яғни, затты иелену, алу, біздің жағдайымызда адамды өзінің толық иелігіне алуды білдіреді. Демек, қозғалмалы зат болып табылатын адам ұрлануы мүмкін. Бірақ, Н.В Бойко ересек адам (баланың ата-анасынан немесе оны ауыстыратын өзге тұлғалардан ұрланатыны түсінікті) кімнен ұрланатынын түсіну қиын деп санайды[6].

Бірақ, адам бір өзі өмір сүрмейді. Ол қоғамда өмір сүреді және оны қоршаған адамдардың белгілі бір міндеттерімен байланысты. Сондықтан да адам ұрлау (адамды заңсыз бас бостандығынан айыру) кезінде тек жалғыз ол ғана зардап шекпейді, сондай-ақ оның туыстары, оған жақын адамдар зардап шегеді. Міне, ол сол адамдардан ұрланады және сол тұлғалардан сатып алу ретінде ақша және құндылықтар талап етеді.

Адам ұрланған кезінде ең алдымен оның бостандығына нұқсан келтіріледі. Еркін жүріп-тұру құқығы, әрбір адам ерекше қастерлейтін құқықтар қатарына жатқызылады. Ол өзінің тұлғасын еркін басқаратын әрбір адамның қасиетті құқығы - жеке бас бостандығының қарапайым және анағұрлым табиғи көрінісін білдіреді.

Осы жерде осы құқықтың жекелеген тұлғалар үшін де, жалпы қазақстандық қоғам үшін де маңыздылығын айту қажет пе? Тұлғаның жеке бас бостандығына қол сұғылмаушылық жалпы және мәңгі қажеттілік болып табылады.

Осы әрекеттер үшін қылмыстық жауаптылық бекітілуінде көрініс табатын адамдардың жеке бас бостандығын заңсыз айыру мен адамды ұрлаумен күресте қылмыстық саясаттың жүзеге асуының бағыты ретіндегі құқық шығармашылық елеулі кемшіліктерге ие.

Олардың бірі - ол адам ұрлаудың түсінігінің заңдық бекітілуінің болмауы болса, ал екіншісі, бас бостандығынан заңсыз айыру түсінігінің заңдық бекітілуінің болмауы. Тәжірибеде осы кемшіліктердің орын алуы бас бостандығынан заңсыз айыру, адам ұрлау және адамды кепілге алу секілді қылмыстарын ажырату кезінде қиындықтар туғызады.

Бас бостандығынан заңсыз айыру мен адам ұрлау туралы нормалардың арасында ортақ тұстары көп. Олардың екеуі де «Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылық» туралы айтылған 1-тарауда бар және өздерінің объектісі ретінде жеке адамның қауіпсіздігін көздейді. Тікелей объект ретінде мемлекет тарапынан қорғалатын адамның өзінің жүріп-тұру орнын өз қалауы бойынша тандау құқығы табылады. Бірақ, адам ұрлаудың объектісіне қосымша ретінде адам өмірі мен денсаулығы кіреді. Сонымен қатар, бұл қылмыстардың айырмашылығы қылмыс құрамының объективті жағы бойынша ажыратылады. Адамды бас бостандығынан заңсыз айырған кезде оның еркін жүріп-тұруына кедергі келтіре отырып, адамдардан және үйреніп қалған жағдайдан аластайды немесе ол өз пәтерінде қалады, бірақ одан шығып, еркін жүріп-тұруға мүмкіндігі болмайды. Осыған орай, бас бостандығынан заңсыз айырудың фактісінің өзі көбіне жарияланбайды.

Сонымен қатар, егер адам ұрлау мен бас бостандығынан заңсыз айыру терминдерін қарастыратын болсақ онда, олар бір біріне ұқсамайды. Мысалы, әрбір заңсыз ұрланған адам - бостандығынан айырылады, бірақ, әрбір бас бостандығынан заңсыз айырылған адам - ұрланбайды. Яғни, бұл жерде жеке болып заңсыз адам ұрлау, ал, жалпы болып заңсыз бас бостандығынан айыру табылатын жекенің жалпыға қатынасы туралы сөз болып отыр.

Жоғарыда аталғандай, яғни, жасырын түрде алып кету, ұрлау болып табылады. Айыру болып қандай да бір адамды белгілі бір нәрсесінен айыру табылады.

С.И Ожегов бойынша, айыру ретінде біреуден бір нәрсені алып қою танылады[7].

Бостандық - шектеудің, ығыстырылудың орын алмауы, өз еркімен әрекет етуі.

Адам ұрлаудың бас бостандығынан заңсыз айырудан негізгі айырмашылығы ретінде жәбірленушіні ұстау орнының жасырын сипаты табылады. Жәбірленуші міндетті түрде тұрақты орнынан алыстайды және жақын туыстарына белгісіз жерге орнал астырылады.

Ұрлау барлық уақытта белсенді әрекеттердің жасалу жолымен жүзеге асырылады. Бас бостандығынан заңсыз айыру тек әрекет арқылы ғана емес, сондай-ақ әрекетсіздік арқылы да жасалынады. Мысалы, өз еркімен қозғала алмайтын адамды мүгедектік арбасынан айыру немесе жәбірленуші оның алдын ала келісімімен бөлмеде қамалуы жағдайында бас бостандығынан заңсыз айыру, оны босату бойынша әрекеттерді жаеаудан бас тартқан кезінде көрініс табуы мүмкін.

Адам ұрлаудың объективті жағы барлық уақытта үш әрекеттен тұрады: жәбірленушіні кепілге алу, оның орнынан ауыстыру және одан әрі ұстау. Біздің пікіріміз бойынша, адам ұрлау - бұл тірі адамды алдау арқылы немесе жасырын немесе ашық түрде кепілге алуымен, оны табиғи микроәлеуметтік ортадан алып кетумен, оны тұрақты немесе уақытша болу орнынан, оның еркінен тыс қозғалтумен байланысты тұлғалардың (тұлғаның) заңсыз қасақана әрекеті. Бас бостандығынан заңсыз айыру «ұстау» деген бір әрекеттен тұрады.

Заңсыз бас бостандығынан айыру орны ретінде кез-келген кеңістік, соның ішінде жәбірленушінің тұрақты тұратын орны, жұмыс орны, оқитын жері болуы мүмкін. Кейде адамды белгілі бір жерге алдын-ала шақырып, содан соң, оны бостандығынан айырады. Ұрланған адамды барлық уақытта жасырын түрде ұстаған жағдайда оның болған орны белгісіз болады.

Адамды заңсыз бас бостандығынан айыру секілді мұндай қылмыстың аяқталу сәті ретінде Н.В. Бойко жәбірленушіге белгілі бір орыннан шығуға мүмкіндік бермейтін әрекеттер жасалған уақытын санайды. Егер бас бостандығынан айыру қандай да бір басқа жерге апаруында болса, онда оның аяқталу сәті тек жәбірленушіні сол орынға апару мен оны сол жерде ұстаған уақытынан бастап есептеледі[6,113].

Біздің пікірімізше, бұл қылмысты аяқталды деп жәбірленушіні ол болғысы келмейтін белгілі бір жерді тастап кетуге мүмкіндігін айыру сәтінен бастап санаған жөн секілді. Жәбірленушіні зорлықпен ұстауға арналған орынға ауыстыру үшін, оны табиғи микроәлеуметтік ортадан (мысалы, үйінен, пәтерінен, саяжайынан, көшеден) адамды алып кету сәті адам ұрлаудың аяқталу сәті болып табылады.

Заңсыз бас бостандығынан айыру кезінде жәбірленуші болып кез-келген тұлға, сондай-ақ оның жақын туыстары танылуы мүмкін. Мысалы, әйелі өзінің күйеуін қызғаныштан, ол басқа әйелге кетпесін деп, батареяға байлап қоюы. Адам ұрлау кезінде жақын туыстары жәбірленуші болып табылмайды, өйткені міндетті түрде біреуден ұрлануы тиіс.

Аталған әрекеттер субъективті жағы бойынша да ажыратылады. Бас бостандығынан заңсыз айыру кезінде жәбірленушінің денсаулығына зиян келтіру қасақаналықпен қамтылмайды. Адам ұрлаған кезде, жәбірленушіге оны сатып алудан бас тартқан жағдайда денсаулығына зиян келтіру немесе оны өлтіру ұрлаған тұлғалардың ниетіне кіреді. Міне, осыдан барып сатып алу құны көтеріледі.

Аталғандар біздің адам ұрлау мен адамды бас бостандығынан айыру бір нәрсе еместігі, қылмыстың әр түрлі құрамдары екендігі туралы пікірімізді қуаттайды. Сондықтан да Н.В. Бойконың заңсыз бас бостандығынан айырудың бір түрі ретінде адам ұрлау бабын енгізу туралы пікірін дұрыс деп санау орынсыз, өйткені, заңсыз бас бостандығынан айырудың басқа түрлерінің болу мүмкіндігін жоққа шығаруы мүмкін[6,178].

Р.Р. Жансарасева атап көрсеткендей, бас бостандығынан заңсыз айыру бұл - адамды өз қалауы бойынша орнын таңдауға, басқа адамдармен сөйлесуге, кеңістік пен уақытта жүріп-тұруға кедергі келтіру.

С.М. Рахметов пен Н.Н. Турецкийдің пікірінше, әрекет адамды қандайда бір орында, соның ішінде өз пәтерінде, оны немесе оның туыстарын қорқыта отырып зорлықпен ұстауынан көрінеді[8].

С.В. Бородиннің пікірінше, заңсыз бас бостандығынан айыру жәбірленушіні шектеусіз кеңістікте өзінің қалауы бойынша жүріп-тұру мүмкіндігін нақтылы шектеуінде болады [9].

ҚР ҚК-нің 126-бабындағы бас бостандығынан заңсыз айыру адамды оның еркіне қарсы ұстау мен оны мәжбүрлі түрде ұстауды білдіреді. Мәжбүрлі түрде ұстау оны сыртқы ортамен байланысын (мысалы, телефон арқылы, компьютер, пошта арқылы) қолдану мүмкіндігінен айыруды емес, адамды шектеулі кеңістікте ұстап отырумен түсіндіріледі.

Бас бостандығынан заңсыз айырудың түсінігіне жеке адамның еркін жүріп-тұру бостандығынан басқа, кез-келген құқықтары мен бостандықтарын шектеуді енгізу қарастырылып отырған қылмыстық-құқықтық норманы, кең көлемде талқылауға септігін тигізеді. Осыған орай адамды ұстаудың амал-тәсілдері әр түрлі болуы мүмкін.

Қылмыстық құқық саласындағы мамандар (теоретиктер болсын, практиктер болсын) арасында бас бостандығынан заңсыз айыру зорлық әрекеті болып табылатындығы жөнінде пікір қалыптасқан. Сонымен қатар, 1959 жылғы Қазақ КСР ҚК-нің 115-бабында біреуді бас бостандығынан заңсыз

күштеп айыруды зорлық қылмысы ретінде қарастырылған норма аталған. Осыған орай, күш қолдану нақты түрде емес, сондай-ақ психикалық болуы мүмкін.

Заңсыз бас бостандығынан айырудың құрамы болу үшін жәбірленушінің оны белгілі бір кеңістікте жүріп-тұру мүмкіндігін, оның еркіне қарсы айыру фактісін түсінуі керек.

Сондықтан да, егер, бөлме қылмыскермен жабылып, кейін басқа тұлғамен ашылса онда қол сұғушылық объектісіне ешқандай зиян келтірілген жоқ, ал, адамды заңсыз бас бостандығынан айыруға бағытталған тұлғаның әрекетері заңсыз бас бостандықтан айыруға қастандық жасалды деп саралануы мүмкін. Егер қылмыскер ұйықтап жатқан жәбірленуші ұйқысынан оянабағанын біле тұра, өзі жапқан бөлмені ашса, онда оның әрекетінің құрамында қылмыс жасаудан ерікті бас тарту орын алады.

Аяқталған оқталу жасалғанына қарамастан, объектіге нақты зиян келген жоқ. Бірақ, егер ұйықтап жатқан кезде қамалған жәбірленуші ұйқысынан оянып өзінің қамалғанын түсінген жағдайда, қылмыскердің әрекеті ҚР ҚК-нің 126-бабында көзделген аяқталған қылмыс құрамын білдіреді.

Заңсыз бас бостандығынан айыру болып сондай-ақ, адасқан бөтен баланы оның еркіне қарсы ұстау да танылады. Аталған жағдайлар есі ауысқандарды, жасөспірімдерді, мас адамдарды, ес-түссіз жағдайдағы адамдардың бостандығын шектеуге де қолданылады.

Сонымен қатар, егер есі ауысқан адамдар мен қатты мас болуы жағдайындағы адамдардың бостандығын аса қажеттілік жағдайында шектеу заңды әрекет болып табылады. Сондай-ақ өздерінің кәмелетке толмаған балаларына қатысты мәжбүрлі-тәрбиелеу шараларын жүзеге асырушы ата-аналардың қылмыстық жауаптылығы болмайды. Бас бостандығынан заңсыз айыру ретінде адамды оның келісімімен бостандығынан айыру, сондай-ақ аса қажеттілік пен қажетті қорғану мен қылмыскерді ұстау кезіндегі бостандығынан айыру танылмайды.

Бас бостандығынан заңсыз айыру кез-келген жерде жүзеге асырылуы мүмкін. Заңсыз бас бостандығынан айырудың құрамы үшін ең бастысы - бұл қылмыскермен жүріп-тұруды қандай да бір затқа байлап қою арқылы жәбірленушінің қозғалу мүмкіндігінен айыру болып табылатын жасанды немесе табиғи кедергілердің жасалуы.

Қарастырылған қылмыстың жасалуы бас бостандығынан айыру орындарында да болуы мүмкін. ҚР ҚК-нің 126-бабымен бас бостандығынан заңсыз айыру жағдайларын саралаған кезде бостандығынан айыру орындарында, олар қылмыскер қол сұғатын орын таңдау бостандығын белгілі бір деңгейде иеленеді.

Бас бостандығынан заңсыз айыру - созылмалы қылмыс болып табылады. Осыған орай, басқа қылмысты жасау кезінде бас бостандығынан заңсыз айыруды қолданған тұлғалардың әрекеттерін саралаудың проблемалық мәселесі де туындайды. Егер бостандығынан айыру басқа қылмыс түрін жасаудың құралы, тәсілі ретінде танылатын болса, онда ол жеке қылмыс құрамы ретінде сараланбайды. Егер де бас бостандығынан заңсыз айыру басқа қылмысты жасауға итермелесе, онда қылмыстың жиынтығы орын алады.

Мысалы, қылмыскер пәтер иелерін қарақшылық жасау кезінде байлап қоюы. Жәбірленушіні байлап қоюы кезінде уақытша бас бостандығынан заңсыз айыру күш қолданудың бөлігі ғана болып, ҚР ҚК-нің 126-бабы бойынша қосымша саралауды талап етпейді.

Бірақ, егер қылмыскер жәбірленушіні қарақшылық жасап болған соң, сол байланған күйінде қалдыратын болса, онда әрекет ҚК-нің 126-бабының белгілерін құрайды.

Егер де күш қолдану әрекеттерін жасау уақыты аралығында жәбірленуші байланған күйі орманда қалып қойған жағдайда топ болып зорлауды жүзеге асырған тұлғалардың әрекетін саралау туралы мәселесі де, жоғарыда аталғандай шешілуі керек. Егер де, зорлау адамдар тобымен үздіксіз немесе бір адаммен жәбірленушіні мәжбүрлі түрде алып кету арқылы жасалса, онда бас бостандығынан заңсыз айырудың белгілері болмайды. Өйткені жәбірленушіні ұстау қылмыскерлерге тек зорлау үшін ғана қажет болды.

Жоғарыда аталғандардың негізінде, адамды бас бостандығынан заңсыз айыру - бұл адамға өз орнын таңдауға қатысты өз қалауын жүзеге асыруға кедергі келтірумен байланысты заңсыз қасақана әрекет деп қорытынды жасауға болады.

#### Әдебиеттер тізімі:

1 Джекебаев У.С. Основные принципы уголовного права Республики Казахстан (сравнительный комментарий к книге Дж. Флетчера и А.В Наумова «Основные концепции современного уголовного права»). - Алматы: Жеті жарғы, - 2001. – 256 с.

- 2 Өзбекұлы С. Көшпелі қазақ өркениетіндегі құқық. Право кочевой цивилизации казахов. Монография. - Алматы: Мектеп, 2002. - 224 б.
- 3 Абубакирова Г.М. Адам өмірі мен құндылықтары мемлекеттің басты байлығы // <http://group-global.org/tu/node/15845>
- 4 Нұрлықұлов Ғ. Жаза тағайындаудың жалпы негіздері // Заң. - 2015. - №12. - 47-50 Б.
- 5 Платонов И.В. Уголовное право. Семейный университет Ф.С. Комарского. -СПб, 1898. -346 с.
- 6 Бойко Н.В. Ответственность за незаконное лишение свободы по советскому уголовному праву. Дисс. ... канд.юрид.наук. - Харьков, 1989. - 164 с.
- 7 Ожегов С. И. Словарь русского языка / Под ред. Н. Ю. Шведовой. - М.: Изд-во «Русский язык», 1990. - 921 с.
- 8 Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық: жалпы бөлім - Алматы: Жеті жарғы, 2015. - 384 б.
- 9 Бородин С.В. Контроль над преступностью в демократическом обществе // Государств и право. - № 10. - С. 34 - 36.

## **ҚОҒАМДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ**

*Сиубаева Н.Ж., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, қылмыстық құқық және криминология кафедрасының оқытушысы,  
Ақпар Т.Е., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, заң факультетінің 2 курс студенті*

«Коррупция» термині латын тілінің «corruptere» деген сөзінен шығып, мағынасы жағынан «мемлекет организмін, қоғамдық қарым-қатынастарды бұзу» дегенді білдіреді, «параға сатып алу» терминімен сәйкес, яғни лауазымды тұлғаның өз билігі өкілеттігі мен сеніп тапсырылған құқығын заңға және моральдық нормаларға қайшы келетін өтірік айту, бопсалаушылық, сөзбұйда жасау жолдарымен жеке бас пайдасы үшін пайдалануы.

Бүгінде сыбайлас жемқорлық мәселесі барлық әлемді аландатып отырған аса өзекті мәселелердің бірі. Сыбайлас жемқорлықпен күресу, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері қазіргі таңда саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдерге ортақ.

Қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті немесе қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, паракорлыққа делдал болу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе сарапшының жалған қорытындысы, сот актісінің орындалмауы т.с.с., осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Алайда, Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында заңнамалық тұрғыда нормативтік-құқықтық база қалыптасқан. Көптеген зерттеушілер осы саладағы заңнама нормаларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған шараларына жоғары баға бергенімен, оларды шынайы өмірде жүзеге асыру кезінде кейбір нормалардың қажетті деңгейде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруға қауқарсыз екендігі байқалады.

Сол себепті, осы мәселеге мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев тарапынан жыл сайын Қазақстан халқына жолдаған Жолдауларында көп көңіл бөлінеді.

Бүгінде Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жалпы мемлекеттік мәртебе берілген, сыбайлас жемқорлықты жою және оның көріністерін болдырмау жөнінде қоғамдық және саяси күштермен бірлесіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ауқымды науқан жүргізілуде [1,4].

Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі болып айқындалған.

Қазір елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама қолданылуда, оның негізі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» және «Мемлекеттік қызмет туралы» заңдары болып табылады. Осы бағытта бірқатар бағдарламалық құжаттар жүзеге асырылуда, мемлекеттік қызмет істері мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында міндеттерді іске асыратын арнайы уәкілетті орган құрылған, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес аясында халықаралық ынтымақтастық белсенді жүзеге асырылуда.

Экономиканы әрі қарай дамыту, халықтың әл-ауқатын арттыру, әлемнің бәсекеге қабілетті отыз елдердің қатарына кіру мақсатын жүзеге асыру бойынша стратегиялық міндеттерді шешуді,